

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің қалпына келтіру заемына қатарлас Жапон Экспорт-Импорт Банкінің заемін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 13 сәуір 1995 ж. N 470

Жапон Экспорт-Импорт Банкінің Қазақстан Республикасына берілген заем қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жапон Экспорт-Импорт Банкі заемы қаражатының түсуі мен пайдаланылуы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

осы заемды өтеу кестесіне сәйкес 1995 жылдан бастап жыл сайынғы бюджеттердің жобаларында проценттерді төлеу, ал 2000 жылдан бастап проценттер мен негізгі борышты өтеу үшін қажетті қаражат бөлінуін көздеп отырсын;

1995 жылдан бастап жыл сайын бюджет жобаларында аталған заем қаражатының пайдаланылуын тексеру жөніндегі тәуелсіз халықаралық аудиторлық фирманың қызмет көрсетуіне ақы төлеу үшін қажетті қаражат көздесін;

он күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетпен 75 (жетпіс бес) миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі заемды пайдалану тәртібі туралы келісім жасайтын болсын;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетіне 1993-1995 жылдардағы кеден декларациялары мен басқа да ілеспе құжаттарды тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Шетел

капиталын пайдалану жөніндегі комитеті:

<*>

заем қаражатын пайдаланудың есебін жүргізсін, сондай-ақ Жапон Экспорт-Импорт Банкі мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкіне осы мәселе бойынша есептер беріп отырсын;

Лондон мен Токиодағы ресми агенттерінің қызмет көрсетуіне Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің техникалық көмек заемының қаражатынан ақы төлеп отырсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

P961031_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК